

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
		1/14
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	Өзг.№

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы « 4 » тамыз
шешімімен
№ 10 хаттама
БЕКІТІЛДІ

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының
Ішкі аудит қызметі туралы
ЕРЕЖЕСІ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл

Өзірлеген

ТАӨ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
Енгізілген күн		2/14			
	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	Өзг.№			

Мазмұны

Мазмұны

1.	Анықтамалар мен қысқартулар	3
2.	Жалпы ережелер.....	3
3.	ІАҚ мәртебесі.....	4
4.	ІАҚ миссиясы мен мақсаты	5
5.	ІАҚ негізгі міндеттері мен функциялары.....	5
6.	ІАҚ қызметіндегі шектеулер.....	7
7.	Біліктілік талаптары	7
8.	ІАҚ құқықтары мен өкілеттіктері.....	8
9.	ІАҚ жауапкершілігі	10
10.	Жаза қолдану	10
11.	ІАҚ қызметін бағалау	10
12.	ІАҚ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру	11
13.	Директорлар кеңесіне ақпарат беру.....	12
14.	ІАҚ-ның Басқармамен өзара іс-қимылы	13
15.	Қорытынды ережелер	13

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	3/14
		Өзг.№

1. Анықтамалар мен қысқартулар

Қоғам – «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы;

Ереже - «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ережесі;

Жалғыз акционер - Қоғамның жоғары органы (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі);

Директорлар кеңесі - Қоғамның басқару органы;

Аудит жөніндегі комитет (Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті) - Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызылған неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы;

Басқарма - Қоғамның алқалы атқарушы органы;

ІАҚ - Қоғамның Ішкі аудит қызметі (ішкі аудитор).

2. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже ІАҚ мәртебесін, миссиясын, мақсатын, міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершілігін, ІАҚ қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптарды, ІАҚ-ның Директорлар кеңесімен және Басқармамен өзара іс-қимыл жасау және Аудит жөніндегі комитетке, Директорлар кеңесіне есептілікті ұсыну тәртібін, сондай-ақ ІАҚ аудиторының өкілеттігін және тәртіптік жаза қолдануды айқындайды.

2. ІАҚ сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның қызметкерлерін (басшысын, мүшелерін) тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды, ІАҚ жұмыс тәртібін, ІАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындауды, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдауды Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

3. ІАҚ функцияларын Қоғамның жеке-дара ішкі аудиторы орындай алады.

4. ІАҚ қызметкерлерімен еңбек шарттарын Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Басқарма төрағасы жасайды.

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	4/14
		Өзг.№

5. ІАҚ қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі осы Ереженің, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының, еңбек шартының негізінде айқындалады.

6. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Директорлар кеңесінің шешімдерін, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. Сондай-ақ ІАҚ қызметі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc.) әзірлеген Әдеп кодексіне (бұдан әрі - сәйкесінше Стандарттар мен Әдеп кодексі) негізделеді.

3. ІАҚ мәртебесі

7. ІАҚ Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Қоғамның ішкі аудиті және тәуекелдерді басқаруды бақылау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау саласындағы бағалауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын бақылау органы болып табылады.

8. ІАҚ өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау кезінде оларды тиісінше орындау мақсатында қандай да бір тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз болуы тиіс.

9. Өз функцияларын орындау процесінде объективтілік және бейтараптық қағидаттарын сақтау мақсатында ІАҚ қызметкерлері кейіннен ішкі аудитке ұшырауы және аудитке ұшырайтын кезең ішінде өздері жүзеге асырған қызметтің немесе функциялардың аудитімен айналысуы мүмкін қандай да бір қызмет түрлеріне тартылмауы тиіс.

10. ІАҚ қызметін бағалауды Директорлар кеңесі жүргізеді.

11. ІАҚ қызметкерлеріне ІАҚ мәртебесіне, Қоғамның Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолданылуы мүмкін емес құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының ережелері қолданылады.

Әзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	5/14
		Өзг.№

4. ІАҚ миссиясы мен мақсаты

12. ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға олардың Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі міндеттерін орындауда қажетті жәрдем көрсету болып табылады.

13. ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы Қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

5. ІАҚ негізгі міндеттері мен функциялары

14. ІАҚ негізгі міндеттері:

1) жүйелі және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау, консультация беру және жетілдіруге ықпал ету;

2) Қоғамдағы бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін және қаржылық есептіліктің сенімділігін бағалау;

3) Қоғам ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін және Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) бағалау.

15. ІАҚ өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;

2) Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің адекваттылығы мен тиімділігіне бағалау жүргізеді;

3) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізеді;

4) Қоғамда қабылданған корпоративтік басқару қағидаттарын, тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарды енгізу және сақтау бойынша бағалау жүргізеді;

5) Қоғамда бұзушылықтардың туындау тәуекеліне және осы тәуекелді басқарудың тиімділігіне бағалау жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасы, халықаралық келісімдер, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары талаптарының сақталуына, сондай-ақ

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
		6/14			
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	Өзг.№			

уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Қоғам органдары шешімдерінің орындалуына бағалау жүргізеді және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалайды;

7) Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде олардың алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қолданатын шаралардың адекваттылығына бағалау жүргізеді;

8) Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде олардың алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қолданатын шаралардың адекваттылығына бағалау жүргізеді;

9) Қоғамдағы этикалық қағидаттардың кез келген бұзылу жағдайларын анықтайды және ашады;

10) Қоғамның сыртқы аудитор ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асырады;

11) Басқармаға және Қоғам қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеуге және олардың орындалуын мониторингілеуге, корпоративтік басқаруға жәрдемдесуді жүзеге асырады;

12) Қоғамның сыртқы аудитормен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында консультация беру жөнінде қызметтер көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;

13) ішкі аудиттің белгіленген тәртібі шеңберінде ақпараттық жүйелердің қорғалу және тиімді пайдаланылу жай-күйіне бағалау жүргізу;

14) Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесіне ІАҚ қызметінің нәтижелері және жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есептерді (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындаудың нәтижелері мен тиімділігі, тәуекелдерді басқару жүйесінің нақты жай-күйін, сенімділігін және тиімділігін, ішкі бақылау және корпоративтік басқаруды бағалау нәтижелері туралы ақпаратты және т.б.) дайындауды және ұсынуды жүзеге асырады;

15) Басқарма мүшелерінің және Қоғам қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	7/14
		Өзг.№

ережелерін сақтауын, этикалық талаптардың сақталуын тексеруді жүзеге асырады;

16) Директорлар кеңесіне, Басқармаға, Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды ұйымдастыру және жетілдіру, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша (осы салалардағы ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда), сондай-ақ ІАҚ құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша консультациялар береді;

17) Қоғамның корпоративтік басқаруға, ішкі бақылауға қатысты ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеуге қатысады;

18) өз құзыреті шегінде ІАҚ-қа жүктелген және оның тәуелсіздігі қағидатына әсер етпейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

6. ІАҚ қызметіндегі шектеулер

16. Өз функцияларын орындау процесінде объективтілік және бейтараптық қағидаттарын сақтау мақсатында ІАҚ қызметкерлеріне:

1) кейіннен ішкі аудитке ұшырауы және аудитке ұшырайтын кезең ішінде олар жүзеге асырған қызметтің немесе функциялардың аудитімен айналысуы мүмкін қызметтің қандай да бір түрлеріне тартылуға;

2) ІАҚ қызметіне байланысты емес міндеттерді орындауға;

3) ІАҚ қызметкерлерін бағалаудың әділдігіне нұқсан келтіруі немесе осындай нұқсан келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін қандай да бір қызметке қатысуға;

4) құпия ақпаратты жеке мүдделері үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін немесе Қоғамға зиян келтіруге қабілетті кез келген басқа да жолмен пайдалануға болмайды.

7. Біліктілік талаптары

17. ІАҚ қызметкерінде мыналар болуы тиіс:

1) экономика және қаржы, және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе заң, және/немесе ақпараттандыру саласындағы жоғары кәсіптік білім;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы және/немесе заң саласында және/немесе ақпараттандыру саласында жұмыс тәжірибесі - кемінде үш жыл;

Әзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	8/14
		Өзг.№

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері бойынша білу;

4) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын, сондай-ақ Стандарттар мен Әдеп кодексін білу.

8. ІАҚ құқықтары мен өкілеттіктері

18. ІАҚ негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен:

1) ішкі аудит жүргізуге байланысты сұратылатын персоналға, активтерге, құжаттарға, бухгалтерлік жазбаларға, бағдарламалық қамтылымға және кез келген басқа ақпаратқа, оның ішінде Қоғамның коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуге;

2) кез келген ақпаратты және құжаттарды (түпнұсқалар және/немесе көшірмелер), оның ішінде Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың бекітуіне шығарылатын құжаттардың жобаларын, сондай-ақ Қоғамның көрсетілген органдарының барлық бұйрықтарын/хаттамаларын сұратуға және алуға;

3) Қоғамның жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша жүзеге асырылатын іс-шараларды (түзету іс-қимылдарын) орындау мониторингін жүзеге асыруға;

4) Қоғамның жұмыс органдарының (комитеттердің, комиссиялардың, жұмыс топтарының және т.б.) мәжілістері мен кеңестеріне тәуелсіздік теңгерімі мен ішкі аудиттің объективтілігі сақталған және Қоғамның операциялық қызметіне тартылмаған жағдайда қатысуға;

5) Директорлар кеңесіне ішкі аудиттің рәсімдері мен әдістерін жетілдіру, Қоғамның бақылау жүйесін және басқару саясатын өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) ІАҚ қызметінің бағыттары бойынша Қоғам бағдарламалары мен жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысуға;

7) ІАҚ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен және өзге де ұйымдармен консультациялар жүргізуге;

8) Басқармаға олардың қызметін оңтайландыру/жетілдіру жөнінде ұсынымдар ұсынуға;

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
		9/14
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	Өзг.№

9) Директорлар кеңесіне ІАҚ қызметін оңтайландыру/жетілдіру жөнінде ұсынымдар ұсынуға;

10) аудит, қаржылық есептілік, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелеріне қатысты Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға және ат салысуға;

11) Қоғам қызметкерлерін оқытуға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларға және ішкі аудиторларды сертификаттау бағдарламаларына қатысуға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, осы Ережеге және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

19. Міндетті түрде ІАҚ аудитордың өкілеттігіне:

1) өз кезегінде Директорлар кеңесі бекіткен ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын жасауды қамтамасыз ету және оның орындалуын бақылау;

2) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын және ішкі аудит жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды және ІАҚ қызметіне қатысты басқа да құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

3) ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізу, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалау;

4) Қоғамға ішкі бақылаудың сенімді жүйесін қолдауға, оның тиімділігі мен нәтижелілігін бағалай отырып көмек көрсету және оны ұдайы жетілдіруге жәрдемдесу;

20. ІАҚ жыл сайын Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала мақұлдауына және Директорлар кеңесінің бекітуіне жылдық аудиторлық жоспарды дайындайды және ұсынады, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитетті және Директорлар кеңесін жоспарды орындауға кедергі келтіретін барлық шектеулер туралы хабардар етеді.

21. ІАҚ Директорлар кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспардың мерзімдеріне сәйкес ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы тоқсан сайын есеп береді.

22. ІАҚ жыл сайын Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы жылдық есепті ұсынады.

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	10/14
		Өзг.№

9. ІАҚ жауапкершілігі

23. ІАҚ өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, осы Ережеге, еңбек шарттарына және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауапты болады.

24. ІАҚ Қоғамда қолданылатын ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес қызметтік және/немесе коммерциялық құпияны құрайтын кез келген мәліметтерді жария еткені үшін, ақпараттың құпиялылығын сақтамағаны үшін жауапты болады.

10. Жаза қолдану

25. Еңбек тәртібін бұзғаны немесе жүктелген еңбек міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ІАҚ қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылады.

26. Тәртіптік жаза қолдану бойынша рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

11. ІАҚ қызметін бағалау

27. ІАҚ, оның басшысының және қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін қарау, жылдық аудиторлық жоспарды орындау мерзімдерін сақтау және есептілікті ұсыну, есептердің ІАҚ стандарттары мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады.

28. ІАҚ Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын өз жұмысының тиімділігі мен сапасын тұрақты (ішкі және сыртқы) бағалауды қамтамасыз етеді:

1) ішкі бағалауды (өзін-өзі бағалау) жыл сайын ІАҚ Стандарттарға сәйкес дербес жүргізіледі;

2) сыртқы бағалауды белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің шешімімен таңдап алынған сыртқы аудитор немесе Жалғыз акционер бес жылда кемінде бір рет жүргізеді.

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
		11/14
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	Өзг.№

12. ІАҚ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру

29. Жалақы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес еңбек шартында (қосымша келісімде) белгіленген лауазымдық жалақының және өтемақы және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің сомасымен айқындалады.

30. Жалақыны есептеу жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табеліне сәйкес жүргізіледі.

31. ІАҚ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мөлшері, шарттары Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады және Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзгеруі мүмкін.

32. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ІАҚ қызметкерлеріне есепті кезеңдегі ІАҚ қызметі туралы есепті қарағаннан кейін есепті кезеңдегі (тоқсандағы) ІАҚ жұмысының нәтижелері бойынша сыйақы төленуі мүмкін.

33. ІАҚ қызметкерлеріне Қоғам қызметкерлері үшін көзделген тәртіппен және бекітілген еңбекақы төлеу қорын үнемдеу шегінде мемлекеттік, ұлттық мерекелерге және кәсіби мереке күндеріне сыйақы төленуі мүмкін. Тиісті сыйақы беру Басқарма төрағасының не оның міндетін атқарушы лауазымды адамның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

34. Есепті кезеңнің (бір жыл үшін) қорытындылары бойынша сыйақы беру мөлшері ІАҚ бағалаудың жеке тәсілі негізінде Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады және олардың есепті кезеңде бекітілген жылдық аудиторлық жоспарды орындауының сапалық және сандық сипаттамаларына байланысты болады.

35. ІАҚ қызметкерлеріне сыйақы беру Қоғам бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде, сондай-ақ еңбекақы төлеуге арналған қаражатты үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

36. Осы Ережеде көзделген сыйақы беру: тәртіптік жаза және/немесе сынақ мерзімі болған кезде жүргізілмейді.

37. ІАҚ қызметкерлеріне орташа жалақысы сақтала отырып, ұзақтығы күнтізбелік 30 (отыз) күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі.

38. Қоғамда кемінде күнтізбелік бір жыл жұмыс істеген ІАҚ қызметкерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде бір

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	12/14
		Өзг.№

лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған біржолғы жәрдемақы төленеді.

Бұл ретте жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын бөліп-бөліп берген жағдайда, сауықтыруға арналған біржолғы жәрдемақы ІАҚ қызметкеріне демалыстың бірінші бөлігіне есептелген сомамен бір мезгілде толық көлемде төленеді.

39. Демалысты ресімдеу және сауықтыруға арналған жәрдемақы алу үшін ІАҚ қызметкері Басқарма төрағасына ІАҚ басшысының бұрыштамасы қойылған өтінішті (ол болған жағдайда) жібереді. Осы өтініштің негізінде Басқарма төрағасы не оның міндетін атқарушы адам ІАҚ қызметкеріне демалыс беру туралы бұйрық шығарады.

13. Директорлар кеңесіне ақпарат беру

40. ІАҚ жыл сайын Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы есепті есепті жылдан кейінгі екінші айдың 15-күніне ұсынады.

41. Тоқсан сайынғы және жылдық есептерді ұсыну жылдық аудиторлық жоспарда бекітілген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

42. ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы есептер (тоқсан сайынғы және жылдық):

1) тиісті жылға арналған ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша берілген қысқаша қорытындылар, берілген ұсынымдарды көрсетумен (қажет болған жағдайда тиісті материалдарды қоса бере отырып);

2) есепті кезеңде ІАҚ жүргізген басқа да іс-шаралар мен жұмыстар туралы ақпарат (жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалар мен сыртқы аудиторлардың ұсынымдары мониторингінің, өз ұсынымдарының нәтижелері, тренингтерге қатысу туралы ақпарат және т.б.);

3) есепті кезеңдегі аудиторлық қызметтің нәтижелерін жалпы қорытындылайтын, қойылған мақсаттарға және аудитті қамту саласына қатысты аудиторлық қызметтің нәтижелері бойынша қорытынды.

43. Директорлар кеңесі ІАҚ қызметі туралы есептерді қарайды және олар бойынша белгіленген тәртіппен шешімдер қабылдайды.

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	13/14
		Өзг.№

14. ІАҚ-ның Басқармамен өзара іс-қимылы

44. ІАҚ-ның Басқармамен қарым-қатынасы тәуелсіздік қағидатына сүйене отырып құрылуы тиіс, өйткені ІАҚ-ның ұйымдық және функционалдық тәуелсіздігінің деңгейі ІАҚ қызметкерлерінің объективтілігіне тікелей әсер етеді.

45. ІАҚ өз қызметінің нәтижелері бойынша Басқармаға Қоғамның әртүрлі деңгейдегі басшылары қабылдаған басқарушылық шешімдердің орындалу сапасын бағалауды ұсынады.

46. ІАҚ Басқармамен іс-қимыл шеңберінде:

1) хабардар ету мақсатында Басқармаға Директорлар кеңесі бекіткен тиісті жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарды ұсынады;

2) Басқармаға аудиторлық тапсырманың нәтижелері бойынша жасалған тиісті аудиторлық есептердің (тоқсан сайынғы және жылдық) көшірмелерін ұсынады.

47. Басқарма белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамда ішкі аудиттің тиімді ортасын құруға ықпал ету, ІАҚ-ға миссиясын, мақсаттарын, функциялары мен міндеттерін орындауда, ІАҚ құқықтарын іске асыруда ІАҚ-ға жәрдемдесу;

2) Директорлар кеңесі мақұлдаған бейінді тақырыптар мен бағдарламалар бойынша оқыту мен тренингтерге байланысты шығындарды белгіленген тәртіппен Қоғамның бюджетіне енгізуді қамтамасыз ету;

3) ІАҚ-ны әкімшілік (ұйымдастырушылық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру керек.

48. ІАҚ қызметіне Басқарманың араласуына жол берілмейді.

15. Қорытынды ережелер

49. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің шешімімен енгізіледі.

50. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда және осы Ереженің жекелеген нормаларына қайшылықтар туындаған кезде Ереженің осы нормалары Ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін күшін жояды, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқықтық актілерін не Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

Өзірлеген

ТАӘ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	

ІАҚ	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ	бет/ішінен			
		14/14			
Енгізілген күн	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ	Өзг.№			

Өзірлеген

ТАӨ	Лауазымы	Бөлімшесі	Қолы
Г.А. Кожаназарова	Ішкі аудитор	ІАҚ	